

Қостанай облыстық мәслихатының 2015 жылғы 20 мамырдағы № 402 "Қостанай облысының елді мекендері аумағында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидасын бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы мәслихатының 2022 жылғы 7 қарашадағы № 235 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 14 қарашада № 30529 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қостанай облыстық мәслихатының "Қостанай облысының елді мекендері аумағында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидасын бекіту туралы" 2015 жылғы 20 мамырдағы № 402 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5707 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облыстық мәслихатының хатшысы

С. Ещанов